

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№51

2021 жылғы 11 тамыз

**Облыстық мәслихаттың кезекті
төртінші сессиясы жалпы
отырысының күн тәртібі туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

Облыстық мәслихаттың кезекті төртінші сессиясы жалпы отырысының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілсін:

1. Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы облыс әкімі О.С.Оразалиннің есебі туралы.

*Баяндамашы: О.С.Оразалин – Ақтөбе
облысының әкімі*

2. Облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №574 «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

*Хабарламашы: Г.Р.Сүйінтаева - экономика және бюджеттік
жоспарлау басқармасының басшысы*

3. Облыстық мәслихаттың төртінші сессиясының жұмысына үзіліс жариялау туралы.

4. Облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 14 тамыздағы №194 «Ақтөбе облысындағы көші-қон процестерін реттеу Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

5. Облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 19 маусымдағы №437 «Хромтау ауданының Хромтау қаласында 320 орынға арналған балабақша салу және оған техникалық қызмет көрсету» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттеме қабылдау туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

6. Облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 5 маусымдағы №538 ««Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

7. Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне тәртіптік жаза қолдану және қараудың кейбір мәселелері туралы.

8. Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты өкілеттігін тоқтату туралы.

9. «Ақтөбе облыстық мәслихаты депутатының қызметіне КРІ әдістемесін бекіту туралы» мәселені қараудан алып тастау туралы.

10. Облыстық мәслихаттың 2021 жылғы 17 мамырдағы №47 «Ақтөбе облыстық мәслихатының Регламенті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

11. «Ақжол» демократиялық партиясының депутаттық фракциясын тіркеу туралы.

12. «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының депутаттық фракциясын тіркеу туралы.

13. Ақтөбе облысын басқару схемасы туралы.

14. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №363 «Облыстық жер комиссиясының ережесін және дербес құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

15. Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 7 тамыздағы №335 «Облыс әкімдігі жанындағы жастар істері жөнінде Кеңестің дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

16. Облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 18 ақпандағы №395 «Индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі өңірлік Үйлестіру кеңесінің дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

17. Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының күн тәртібі туралы.

18. 2021-2023 жылдары субсидиялауға жататын Ақтөбе қаласының әлеуметтік маңызы бар қатынастарының тізбесін айқындау туралы.

Хабарламашы: А.Б.Шахаров–Ақтөбе қаласының әкімі

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. НУГМАНОВ